

Н.Мурсалимова^{1*}, Ж.Салтақова²^{1,2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, ҚазақстанE-mail: ¹m_nasihat@mail.ru; ²aibolanel_27@mail.ruORCID: ¹0000-0003-4875-9684; ²0000-0002-3161-2179**АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ**

Аңдатпа. Айтыс – тек сөз өнерінің жарысы ғана емес, сонымен қатар халықтың діни нанымдары мен ғұрыптық дәстүрлерінің көрініс тапқан рухани мұрасының бірі. Айтыстың жанрында ақындар дайын мәтінге емес, тыңдаушылардың алдында туындаған ойға, жағдайға, қарсыласының сөзіне жауап ретінде экспромт түрінде жыр шығаруы басты ерекшелігі болып табылады. Мақалада қазақ айтыс өнеріндегі наным-сенімдердің көркемдік және дүниетанымдық қыры жан-жақты талданады. Зерттеу барысында бәдік, жар-жар, аужар, өлі мен тірінің айтысы, қайымдасу сияқты жанрлардың түпкі нанымдық негіздері сараланып, олардың халық тұрмысындағы магиялық-ғұрыптық қызметі айқындалады. Бәдік өлеңдеріндегі ауруды сөзбен қуу, киелі орынға көшіру, дұға арқылы арылту сияқты сенімдер исламға дейінгі дәстүрлер мен исламдық ұғымдардың тоғысқанын дәлелдейді. Ерте кезде дерттерін әрі өзге де көптеген түйткілдерін жыр арқылы шешуге болады деп нық сенген. Осы негізде бата жанры пайда болды деген ғылыми тұжырымдар кездеседі. Бата екіге бөлінеді: оң бата және кері (қарғыс) бата. Оң бата – ақ тілек емес, ал кері бата – теріс тілек, яғни жаман сөз түрінде айтылған. Мақалада Қаба мен Таутан, Шортанбай мен Орынбай ақындардың айтыстары талданып, бата сұрау, пірге сыйыну дәстүрлері арқылы діни түсініктердің айтыстағы көрінісі ашылады. Авторлар айтыстың әлеуметтік-тәрбиелік маңызына да тоқталып, бата мен пір ұғымдарының халық дүниетанымындағы киелі мәнін көрсетеді. Бұл зерттеуде айтыстағы наным-сенімдер жүйеленіп, жаңа қырынан талданады.

Алғыс: Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүргізілді (AP26100495 «Түркі дүниетанымындағы наным-сенімдер: этнофольклорлық аспект» жоба аясында).

Кілт сөз: айтыс, бәдік, бата, наным-сенім, дәстүр

N.Mursalimova^{1*}, Zh. Saltakova²^{1,2}M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, KazakhstanE-mail: ¹m_nasihat@mail.ru; ²aibolanel_27@mail.ruORCID: ¹0000-0003-4875-9684; ²0000-0002-3161-2179**THE MANIFESTATION OF BELIEFS IN THE GENRE OF AITYS**

Abstract. Aitys is a competition of verbal art that reflects the spiritual heritage of the people and their religious beliefs and ritual traditions. The main feature of the aitys genre is that poets compose poems impromptu in response to their opponents' improvisations on various situations and thoughts arising directly in front of the listeners. This article provides a detailed analysis of the artistic and attitudinal aspects of aitys beliefs in Kazakhstan. The study will analyse the basis of beliefs in genres such as badik, zhar-zhar and aujar, as well as aitys between the dead and the living and improvisation kaiym, and determine their magical and ritual significance in people's lives. Beliefs such as the idea that disease can be banished through badik songs or prayers demonstrate the combination of pre-Islamic traditions with Muslim doctrines. In ancient times, people firmly believed that rituals could solve many problems, including diseases. There is scientific evidence that the bata (blessing genre) emerged as such a ritual. There were two kinds of bata: a good blessing and a reverse blessing (curse). A good blessing is not a wish; a reverse blessing, however, is a wish for evil and is

expressed in negative terms. This article analyses the aitys of the poets Kaba and Tautan, as well as Shortanbai and Orynbai. It reveals the essence of religious beliefs through the customs of blessings and the worship of patrons. The authors emphasize the social and educational significance of aitys, and the special importance of the concepts of blessing and patrons in the worldview of the people. This study provides a new perspective on the systematization and analysis of folk beliefs and convictions.

Acknowledgment: This research was funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of the project AP26100495 "Beliefs in the Turkic worldview: an ethno-folkloric aspect."

Key words: aitys, badik, blessing, beliefs, tradition

Н.Мурсалимова^{1*}, Ж.Салтакова²

^{1,2}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹m_nasihat@mail.ru; ²aibolanel_27@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-4875-9684; ²0000-0002-3161-2179

ПРОЯВЛЕНИЕ ВЕРОВАНИЙ В ИСКУССТВЕ АЙТЫСА

Аннотация. Айтыс – это не только состязание в словесном искусстве, но и одно из духовных наследий народа, отражающее его религиозные убеждения и обрядовые традиции. В жанре айтыса главной особенностью является то, что поэты сочиняют стихи экспромтом в ответ на импровизацию оппонента в различных ситуациях и мыслям, возникающим непосредственно перед слушателями. В статье подробно анализируются художественный и мировоззренческий аспекты верований в казахском айтысе. В ходе исследования будут проанализированы основы верований в таких жанрах, как бадик, жар-жар, аужар, айтыс между мертвыми и живыми, в импровизации кайым и определена их магически-обрядовое значение в жизни людей. Такие верования, как изгнание болезни при помощи песни бадик или при помощи молитв, свидетельствуют о соединении доисламских традиций с мусульманскими доктринами. В ранние времена люди твердо верили, что болезни и многие другие проблемы могут быть разрешены через обряды. Существуют научные доказательства того, что жанр благословения появился именно как такой обряд. Существовало два вида бата: доброе благословение и обратное благословение (проклятие). Доброе благословение – это не пожелание, а обратное благословение – это пожелание зла, то есть выражается в виде негативных слов. В статье анализируются айтысы поэтов Каба и Таутана, Шортанбая и Орынбая, раскрывается суть религиозных верований через обычаи благословения и поклонения покровителям. Авторы останавливаются на социально-воспитательной значимости айтыса и подчеркивают особое значение понятий благословения и покровителей в мировоззрении народа. В этом исследовании систематизируются и анализируются народные верования и убеждения с новой точки зрения.

Благодарность: Исследование выполнено при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках проекта AP26100495 «Верования в тюркском мировоззрении: этнофольклорный аспект».

Ключевые слова: айтыс, бадик, благопожелания, верования, традиция

1. Кіріспе

Айтыс – өнердің сан түрін бойына жинап, суырыпсалмалықты, ұшқыр ой мен сөз дәлдігін, ырғақ пен мақамның үйлесімін, сазды аспапты меңгеру деңгейін айтыскер ақын бойына жинақтап осы заманға жеткізіп келе жатқан бірден-бір өнер (Тлеубердина, 138). Айтыс мәтіндерінде халықтың наным-сенімдері көрініс тауып, олардың көркемдік тұрғыдан бейнеленуі ғылым үшін маңызды зерттеу нысанына айналып отыр.

Айтыстағы наным-сенімдердің табиғатын толық түсіну үшін алдымен халық дүниетанымындағы көне магиялық ұғымдарға тоқталу қажет.

Байырғы заманда ата-бабаларымыз сөздің сиқырына, ән-әуеннің сазына, бидің нақышына сүйеніп, өзінің қалау-тілеуін орындауға болады, бір сөзбен айтқанда, болмыстан тысқары күштерге иек артып, аңсаған арман-мұратына қол жеткізу мүмкіндігіне жетуге болады деп иланған. Этнология ғылымында бұл тәрізді наным-сенімді «магия» деп атайды. Айталық, жады таспен жаңбыр жаудыру, түрлі дерт-дербез, кесел-кесапатты бәдік жырын айту арқылы қуу, ақ бата арқылы құт-береке шақыру, теріс бата арқылы жұт-қырсыққа ұшырату секілді көптеген рәсімдер бар (Тойшан, 2024:115). Осы рәсімдердің ішіндегі теріс бата (қарғыс) әдет-ғұрып айтысындағы бәдікпен ұқсас.

Бәдік жанры туралы Ә.Диваев, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Н.А.Баскаков, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, М.Жармұқамедовтер пікір білдіріп, мәтіндерін жарияласа, Н.Даукараев, Б.Сарымсақов, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Б.Абылқасымов, Т.Әлбеков, А.Тойшан секілді ғалымдар оны жүйелі зерттеген.

Әдет-ғұрып айтысы туралы М.Әуезов «Бұл алуандас әдет-салт айтысы, көбінесе, өнер жарыстыру айтысы емес, тек дағдылы жолды атқару (жар-жар), ырым, наным бойынша ем-домға арнап айту (бәдік) ретінде ғана орындалады. Ондай айтыстардың өлең сөздері де көбінше ауыздан-ауызға көшіп жүретін жаттанды сөздер болады. Сондықтан, әдет-салт айтыстарында «жену», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды. Және өзге өнер жарысының айтысындай бір жаққа екінші жақтың жол беруі, бәйге тартуы болмайды», – деп жазады (Әуезов, 1948: 237).

Бәдік – парсының «бадхох», «бадху» сөздерінен шыққан. Тәжік тілінде «бадху» – «қаскөй» дегенді білдіреді. Демек, бәдік «бойға дерт дарытушы қаскөй күш» ұғымына саяды. Байырғы заманда бәдік айту арқылы мал мен адамның бойындағы дертті қуу дәстүрі болған. Сөзге шешен, боқтап-қарғай білетін адам шақырылып, көпшілік алдында ауылдың кемшілігін бетке айтқан. Жиналғандар ашуланса да шыдап тындауы керек болған, себебі шыдамаса, дерт кетпейді деп сенген. Осы дәстүрдің мән-маңызын С. Сейфуллин өз еңбегінде былай сипаттап көрсеткен: «Адам ауырса, яки мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қамап алып, екі-екіден қосылып, шулап өлең айтады. Өлең айтқанда ауру «иесін» қорқытып, «жын» ойнағандай қылып ойнап айтады... Қыз-қырқын, қатын-қалаш өстіп жиналып, екеу-екеуден жұпталып, бәдік өлеңін айтысып, «ауыздарының дәмдерін алып болған соң», тұрысып, етек-жеңдерін сілкініп, «Біз де көштік, сен де көш!» деп ауырған малды етектерімен ұшықтап кетеді. Тәуіптердің «көшіру, аластау» ырымдары мен «бәдік» айту біртүрлі нанымнан туған зат» (Сейфуллин, 2007: 175-176). Осылайша, халық емдік ғұрып ретінде қолданған бәдіктің кейінгі көрінісін С. Сейфуллин нақты сипаттап береді.

Зерттеушілердің осы пікірлерін негізге ала отырып А.Тойшанұлы: «Сөздің дуасымен кеселді дертті қуу рәсімінде айтатын осы өлең кейін келе әу бастағы салттық, емдік сипатынан айырылып, қыз бен жігіттің күлкілі ермек үшін жұптасып айта беретін жаттамалы өлеңіне айналып кеткенге ұқсайды», – деп жазады (Тойшан, 2024:115).

Бәдіктің осылайша тұрмыс-салттық сипаттан айтыстық үлгіге ойысуы қазақ ауыз әдебиетінің дамуындағы табиғи құбылыс болып табылады.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1. Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында айтыс дәстүрімен, онда кездесетін наным-сенімдер жүйелі-кешенді, салыстырмалы тарихи, хронологиялық зерттеу әдістері қолданылды.

2.2. Материалға сипаттама

Ақындар айтысы соңғы жылдары әдебиет пен тіл білімінің түрлі деңгейлерінде ғылыми тұрғыдан кеңінен қарастырылып келе жатқанымен, айтыстағы діни, наным-сенімдер тақырыбына қатысты зерттеулер әлі де жеткілікті деңгейде жүйленбеді (Мурсалимова, 2025: 248). Осыған байланысты аталған мәселені толықтыру үшін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорындағы, «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөліміндегі қолжазбалар, шетелдік және отандық ғалымдар М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Жармұқамедов, С.Қасқабасов, Ш.Ибраев, А.Тойшанның зерттеулері негізге алынды.

3. Талқылануы

Сөздің магиялық күшіне деген сенім алғыс (бата) жанрының ғұрыппен байланысты қызметі мен құрылымын айқындайды. Ол әртүрлі тылсым күштерге сөз арқылы ықпал етіп, белгілі бір оң нәтижеге қол жеткізу мақсатында тілек ретінде айтылады. Әдетте алғыс халық арасында жақсы бір біткен істің, тигізген қолғабыстың қарымтасы ретінде разы көңілді білдіретін сөз. Оны көбіне жасы үлкендер өзінен кішілерге арнайды (Ибраев, 2021: 200). Осындай ғұрыптық сипатқа ие бата дәстүрі халық ауыз әдебиетінің барлық жанрында кездеседі, соның ішінде айтыста да өзіндік орны бар. Сондықтан бата дәстүрін айтыс мәтіндеріндегі наным-сенімдердің бір көрінісі ретінде қарастыруға болады. Айтыста батаның жеңімпазға, жас ақынға, халыққа арналған сияқты түрлері бар, тіпті кейде ұтылған қарсыластың жеңімпаздан бата сұрауы да кездесіп жатады. Мұндай дәстүрдің көрінісін Қаба мен Таутан қыздың айтысынан көруге болады:

Қабан ақын алпыстан асқан кезінде 23 жасар Таутанмен айтысады. Таутан Қабанды айтыста жеңу үшін алты ай дайындалған екен. Салиқалы, мазмұнды айтыстың соңы діни тақырыпта жалғасады. Ақындардың кезектесіп айтыспай, сұрақ-жауаппен кезектесуі – осы айтыстың басты ерекшелігі. Таутанның сұрағына Қабан жауап беріп отырады. «Шарифат деген не, қырық парыз деген не, пайғамбардың сүннеті деген не» деп Таутан сұрақ қояды. Таңға дейін созылған айтыстың соңында Таутан:

«Ақын болсаң, алдына салып айтайын: Мұхамедтің сүйегін кім ұстаған?» – дейді.

Сонда Қабан: «Шырағым, жас екенсің. Саған да үлгі болсын – кейінгілерге айта жүр. Сүйегін Омар ұстап, Осман жуған, Әбубәкір құмғанмен суын құйған. Алланың арыстаны – Әзірет Әлі, иманың айтып, қасында қарап тұрған», – дейді.

Сонда Таутан: «Атыңнан айналайын, пәруәрдігәр! Жел сөзбен өзіңізге дәс бұрдым. Атажан, артық кетсем кешіре гөр, батанды бер», – деп кешірім сұрап, Қабанның батасын алады (Электрондық ресурс).

Таутан мен Қабан айтысындағы мына үзіндіде халықтың діни наным-сенімі мен ғұрыптық дәстүрлері анық байқалады. Таутанның «Атыңнан айналайын, пәруәрдігәр» деп басталатын сөзі исламдық танымға негізделген. Мұнда ақын Жаратушыға

жалбарынып, үлкеннен «бата» сұрайды. Қазақ дүниетанымында бата – тек тілек емес, киелі сөз күшімен қорған болар құдіретке ие деп сенілген. Қабанның жауабы да діни нанымдармен сабақтас. «Құдайым, малды көп бер, басты көп бер» деген жолдары халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы молшылық, ұрпақ, береке тілеу сенімін білдіреді. Ал «Бісмиллә, рақман рақым, аллау-акпар» тіркестері исламдық дұға мен Құран сөздерінен алынған, яғни айтыстың діни сипатта аяқталғанын көрсетеді. Яғни бұл айтыстағы көрініс Аллаға жалбарыну, бата алу мен беру, дұға айту дәстүрі арқылы қазақ айтыс өнеріндегі наным-сенімдердің айқын бейнесін танытады.

Шортанбай мен Орынбай айтысына да зер салып көрелік:

Шортанбай:

Болса да, баяғыдай заманым жоқ,
Бозбала, бәрің бірдей жаманың жоқ.
Пір болған жеті атаңа қожаң едім,
Көрмесек бір заржақтай, амалым жоқ.

Орынбай:

Нәсілің төрт жардан бұл, дегдар қожам,
Алдымнан қисық жүрмей, жөн бар, қожам!
Пір болсаң, дәріс оқытып, дін үйретпей,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам?! (Қазақ өнерінің антологиясы,
2014: 120-121)

Бұл айтыста Шортанбайдың «Пір болған жеті атаңа қожаң едім», Орынбайдың «Пір болсаң, дәріс оқытып, дін үйретпей» – деген сөздеріне назар аударайық. Мұндағы пір сөзі діни наным-сенімге қатысты ұғымды білдіреді. Яғни діни түсінікте пір – қолдаушы, қорғаушы әрі сүйеніш болып есептелінеді және аруақ туралы түсінікке жақын.

«Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай», – дейді Жамбыл ақын. Бұл жерде Жамбыл өзінің ұстазы әрі пірі ретінде Сүйінбай Аронұлын ерекше құрметтейді. Пірге сыйынып, тілек тілеу сол дәуірдегі діни көзқарасты айғақтайды.

М.Жармұқаменов: «Ақындар айтысының алғашқы бұлақ – бастауы сонау тұрмыс-салт жырларынан, яғни халық поэзиясының шағын түрлерінен басталады. Екіұдай болып хормен орындалатын үйлену-салт өлеңдері («Жар-жар») мен ескі діни наным-ұғымдарға байланысты туған дәстүрлі жырлар («Бәдік») немесе Наурыз мерекесіне сәйкес бата-тілек үлгісіндегі кезектесіп айтылатын өлең-жырлар, сөз жоқ, айтыс жанрының бастапқы негізін қалаған» – деп пікір білдіреді (Жармұқаменов, 1979: 19). Мысалы жар-жар өлеңдеріндегі наным-сенімдер: «Көш, көш», «Алас, алас», «Құтты болсын», «Ақ отауым тіккен жер майдан болсын» сияқты тіркестер – халықтың жаңа отауды берекелі, құтты болсын деп тілеуінен туған ырымдық сөздер (Бабалар сөзі, 2012: 106). Шымылдық көтеру, сәукеле, шашу – қазақтың тұрмыс-салт нанымдары мен ғұрыптық атрибуттары. «Көрсін әкем, апам, әжем» деген жолдарда қыздың ата-анасына, туыстарына байланысты ғұрыптық қоштасу, «етек-жеңін сілкен» секілді нанымдар көрінеді. Көз жасы, қабырға сөгілуі, «баланы малға сату» – қыз тағдырына қатысты халықтың дүниетанымы мен әлеуметтік-салттық ұғымдарының көрінісі.

Аужар мәтіндеріндегі наным-сенімдер (Бабалар сөзі, 2012: 117): «Бісміллә» деп бастау – исламдық наныммен сабақтасқан. «Қызды Құдай мұңлы қылып жаратқан» – діни-философиялық түсінік, қыздың тағдырын Тәңірдің жазуына балау. Қызды малға беру, жылау рәсімі – салттық-ғұрыптық нанымға негізделген (қыз өз елінен «тірі айырылып» кетеді деген сенім). Қыздың ата-ана, туыстарымен қоштасуы – қазақ қоғамында қалыптасқан әлеуметтік-нанымдық дәстүр.

Бәдік айтысындағы қыз бен жігіт айтысы:

Жігіт:

– Жемір бәдік дегенге, жемір бәдік,
Ку қыздардың шекесін кемір, бәдік,
Ішіне семіз қыздың кіріп кетіп,
Же дағы бүйрек майын, семір, бәдік.

Қыз:

– Барады бәдік кетіп Меккесіне,
Білдірмес ешкі арығын текесіне.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Жігіттім, бар да жабыс шекесіне. (ӘӨИ: 153-бума)

Мұнда «бәдік» ауруды қуатын магиялық күшке ие өлең ретінде қолданылып тұр. «Барады бәдік кетіп Меккесіне» деген жол – аурудың (немесе бәдіктің) алыс, киелі жерге (Мекке – мұсылмандардың қасиетті орны) кетуі тілек ретінде айтылған. Бұл – науқасты сөзбен емдеуге сенудің айғағы. «Жайыңды онан көшер мен айтайын, жігіттім, бар да жабыс шекесіне» деген жолдар да ауруды адамның денесінен бөліп шығарып, басқаға көшіру нанымына негізделген. Демек, бұл үзіндіде емдік наным-сенімдер (ауруды сөз арқылы қуу, оны алысқа көшіру, киелі орынға бағыттау) айқын көрініс тапқан.

Бәдік өлеңі ежелгі наным-сенімдеріне негізделген. Мәселен: Ай, гүләп, көшер болсаң, аспанға-ай көш, көш, Аяғың әсіре тастап басқанға-ай көш, көш. Ай, гүләп, көшер болсаң Арқа жаққа, Құлақтары қамыстай арғымаққа көш, көш! (ӘӨИ: 920/83-бума).

Келтірілген өлең жолдарынан байқағанымыздай ауру немесе бәле бір тылсым күш иесі ретінде сипатталып, онымен жұмсақ үнмен сөйлесу арқылы оны басқа жаққа көшіруге тырысады. «Ай, гүләп» деген сөз – ауруға қарата айтылған жұмсарту, алдау ниетін білдіреді. «Көш, көш» деген қайталанатын бұйрық-сөздер ауруды адам денесінен немесе ел ішінен қуып шығу, алыстау мағынасын береді. «Аспанға көш», «Арқа жаққа көш», «Құлақтары қамыстай арғымаққа көш» деген тіркестер арқылы ауруды жоғарғы әлемге, белгісіз алыс жаққа көшіру бейнеленген. Яғни ауруды алыстату, жер бетінен кетіру сенімін көрсетеді.

Айтыстың «Жар-жар», «Бәдік айтыс», «Бәдік өлеңіндегі», «Өлі мен тірінің айтысы», «Қайымдасу» сияқты шағын жанрларында кездесетін «Көш, көш», «Алас, алас» секілді тіркестері де халықтың наным-сенімдерін көрсетеді.

«Өлі мен тірінің айтысы» – қазақ ауызша поэзиясындағы көне айтыс түрі. Онда тірілер өлімен, немесе өлі бейнесі арқылы тірімен «сөйлеседі», мифологиялық-

ғұрыптық ұғымдар, аруаққа қатысты сенімдер мен өлімнен кейінгі өмір түсінігі поэтикалық түрде көрініс табады.

Қайымдасу – көбіне жастар арасында өтетін, қысқа-қысқа өлең жолдарымен жауаптасу түрі. Әдетте ол жеңіл-әзіл сипатта көрінгенімен, оның тереңінде халықтың көне дүниетанымын бейнелейтін наным-сенімдер мен ғұрыптық ұғымдар жатыр. Ең алдымен, қайымдасуда ырым-тыйымға қатысты сенімдер байқалады. Қыз бен жігіт кей сөздерді әдейі айналдырып айту арқылы «жаман сөз шақырып қояды» деген түсініктен сақтанады. Сонымен бірге қарсыласына «аузыңа май, астыңа тай» сияқты ізгі сөздер айтып, жамандық тілемеуге тырысады. Бұл – сөздің күдіретіне деген сенімнің көрінісі. Сол сенімнің жалғасы ретінде бата-алғыс мотиві да жиі кездеседі. Жастар бір-біріне әзіл аралас тілек айтып, «Бірің – ай, бірің – күн бол» дегендей алғыстарын жеткізеді. Қыз бен жігіт өздерінің сұлулығын күнге, айға, жұлдызға теңеп, табиғат күштерін адамның тағдырына әсер ететін тылсым ретінде қабылдайды. Бұл – көшпелі дүниетанымнан жеткен көне нанымдардың сақталған үлгісі.

Айтыстарда ақындар қарсыласын сынағанда немесе мақтағанда көбіне ұлттық болмысын, киім киісін, дәстүрге деген көзқарасын тілге тиек етеді. Бұл ұлттық киім мен наным-сенімнің айтыс арқылы халық санасына сіңіріліп отырғанын көрсетеді. Айтыс барысында киім тек сәндік зат ретінде емес, адамның тәрбиесі мен танымының көрінісі ретінде бейнеленеді. Мысалы, қыз баланың сәукелесіз шығуы, жігіттің шапансыз жүруі сынға алынуы мүмкін. Бұл арқылы ақындар жастарды ұлттық құндылықты сақтауға үндейді.

Сондай-ақ айтыс халықтың ауызша тарихы болғандықтан, онда кездесетін киім үлгілері мен наным-сенімдер қазақ халқының өмір салтын, рухани байлығын сипаттайды. Осылайша, айтыс пен киім үлгілері мен наным-сенімдер бір-бірімен тығыз байланыста болып, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

4. Зерттеу нәтижесі

Айтыс өнеріндегі наным-сенімдер – халықтың діни түсінігі мен тұрмыс-салт ғұрпының поэтикалық айнасы. Зерттеу барысында төмендегідей тұжырымдар жасалды:

Бата дәстүрі – айтыстағы наным-сенімдердің айқын қыры. Қаба мен Таутан қыз айтысында жеңілген ақынның жеңімпаздан бата сұрауы діни сеніммен сабақтасып, айтыстың әлеуметтік және тәрбиелік мәнін арттырған. Шортанбай мен Орынбай айтысындағы «пір» ұғымы исламдық дүниетанымдағы қолдаушы, қорғаушы ретінде айтылып, діни көзқарас қақтығысын аңғартады. Бұл – айтыстың тек поэтикалық емес, сонымен бірге діни-философиялық ой таласы болғанын көрсетеді.

«Жар-жар», «Аужар» мәтіндерінде жаңа отаудың берекелі болуын тілеу, қыздың ата-анасымен қоштасу дәстүрі, көз жасы мен «баланы малға сату» мотивтері халықтың әлеуметтік түсінігі мен ырымдық сенімдерінің көрінісі болып табылады.

Бәдік айтысындағы «Барады бәдік кетіп Мекесіне» немесе «Көш, көш», «Алас, алас» сияқты тіркестер халықтың ауруды сөзбен қууға, оны алысқа бағыттап жіберуге сенгенін көрсетеді. Бұл – исламға дейінгі наным-сенімдер мен исламдық ұғымдардың қатар өмір сүргенін дәлелдейді. М.Жармұкамедов атап өткендей,

айтыстың бастаулары тұрмыс-салт жырларынан («Жар-жар», «Бәдік», «Аужар») басталып, кейінгі діни және әлеуметтік айтыстарға ұласқан. Осы шағын жанрларда сақталған наным-сенімдер айтыстың негізін құраған.

Шетелдік зерттеуші Эва Мария Дебюссон «Дауыстың құндылығы: қазақ айтысындағы мәдениет және сын» атты тақырыпта (Dubuisson, 2009) докторлық диссертация қорғап, кейін осы зерттеудің негізінде ағылшын тілінде монография жазды. Зерттеуші айтыстың тек поэтикалық немесе мәдени құбылыс ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамындағы наным-сенімдер мен дүниетанымдық ұстанымдардың көрінісі екенін де атап өтеді. Ол «Ресейдің төрінде, Мәскеудің өзінде» атты мақаласында: «Егер айтысты ағылшын тіліне аударса немесе ақындар сол тілде айтысса, сөз жоқ, әлемді таңғалдырып, жаулап алатын өнер түрі болар еді», – деп жазады (Дюбюйсон, 2004). Бұл тұжырым айтыс өнерінің кеңдігін және әлемдік мәдени-рухани құбылысқа айналу мүмкіндігін көрсетеді.

5. Қорытынды

Айтыс – халықтың наным-сенімдері мен дүниетанымдық ұғымдарын сақтап, ғұрыптық дәстүрлерін айшықтап жеткізген рухани мұра. Осы тұрғыдан алғанда, академик С. Қасқабасовтың: «Қазақ фольклорында көрініс тапқан халықтың ескі нанымдарын зерттеу – тек қана этнографтар мен тарихшылардың ісі емес. Бұл фольклористер үшін де маңызды» деген тұжырымы айрықша мәнге ие (Қасқабасов, 2002: 94). Шын мәнінде, қазақ фольклорының мазмұндық-тақырыптық табиғаты халықтың дүниетанымы мен сенім жүйесінің көрінісі екені анық. Мәселен, бата дәстүрінде ізгі тілек пен пірге табыну ұғымы тоғысса, «жар-жар» мен «аужар» сияқты ғұрыптық жырларда көне салт-дәстүрдің, ритуалдық нанымдардың айқын іздері сақталған. Ал «бәдік» жырында магиялық сенімдер мен ауру-сырқаудан арылу мақсатындағы діни-ырымдық әрекеттердің көрініс табуы айтыс жанрының тек көркем сөз сайысы ғана емес, сонымен қатар халықтың наным-сенім жүйесінің поэтикалық бейнесін сомдайтын рухани мұра екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор. – 432 б.
2. Дюбюйсон, Е. М. Ресейдің төрінде, Мәскеудің өзінде // Егемен Қазақстан газеті. – 2004. – 30 қазан. – 5 б.
3. Дюбюйссон, Е. М. Дауыс құндылығы: қазақ айтыс поэзиясындағы мәдениет пен сын: Философия докторы (антропология) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация. – Мичиган университеті, 2009. – 198 б.
4. Жармұкамедов, М. Айтыс өнері. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 59 б.
5. Ибраев, Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021. – 254 б.
6. Қабан мен Таутан [Электрондық ресурсы]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=hpnvsLifv0>
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948. – 237 б.
8. Қазақ өнерінің антологиясы: 25 томдық. Айтыс. Т. I: Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс / Құраст. М.Жолдасбеков, Р. Әлмұханова. – Астана: «Күлтегін», 2014. – 400 б.
9. Қасқабасов, С. Жан азық: әр жылдардағы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
10. Мұрсалимова, Н., Ача, М. Қазақ ақындарының айтыстарындағы діни құндылықтар. – Анкара, 2025. – 248 б. – <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647>

11. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қоры, 153-бума.
12. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қоры, 920/83-бума.
13. Сейфуллин, С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 7. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 416 б.
14. Тлеубердина, Г.Т., Нуржаксина, М.К., Шахманова, Г.Ш. Қазіргі айтыстағы дәстүр жалғастығы (Мақсат Ақанов айтыстары негізінде) // *Keruen*. – 2025. – Т. 87, № 2. – 138–152 бб. – <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-10>
15. Тойшан, А. Түрік халықтарының әдет-ғұрыптары: монография. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2024. – 368 б.

References

1. Babalar sözi [The word of the ancestors]. (2012). One hundred-volume series (Vol. 90, Ritual folklore). Astana: Foliant. (In Kazakh)
2. Dubuisson, E. M. (2009). The value of a voice: Culture and critique in Kazakh aitys poetry (Doctoral dissertation, Anthropology). University of Michigan. (In English)
3. Dubuisson, E. M. (2004, October 30). At the heart of Russia, in Moscow itself. *Egemen Qazaqstan*, 5. (In Kazakh)
4. Ibrayev, Sh. (2021). *Kazakh ritual folklore*. Nur-Sultan: L. N. Gumilyov Eurasian National University. (In Kazakh)
5. Jarmukhamedov, M. (1979). *The art of aitys*. Almaty: Kazakhstan. (In Kazakh)
6. Kaskabassov, S. (2002). *Spiritual nourishment: Studies from different years*. Astana: Audarma. (In Kazakh)
7. Kaban and Tautan. (n.d.). [Video recording]. YouTube. <https://www.youtube.com/watch?v=hpnvsLifFv0> (In Kazakh)
8. *Kazakh literature history*. (1948). Almaty. (In Kazakh)
9. *Kazakh art anthology*. (2014). *Aitys* (Vol. 1: Aitys before the Soviet period). Compiled by M. Zholdasbekov & R. Almukhanova. Astana: Kültegin. (In Kazakh)
10. Mursalimova, N., & Aça, M. (2025). Religious values in the aitys of Kazakh akyns. *Ankara*. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647> (In Turkish)
11. Mukhtar Auezov Institute of Literature and Art. (n.d.). Manuscript collection, File 153. (In Kazakh)
12. Mukhtar Auezov Institute of Literature and Art. (n.d.). Manuscript collection, File 920/83. (In Kazakh)
13. Seifullin, S. (2007). *Collected works* (Vol. 7). Almaty: Kazygurt. (In Kazakh)
14. Tleuberdina, G. T., Nurzhaksina, M. K., & Shakhmanova, G. Sh. (2025). Continuity of tradition in contemporary aitys (Based on the aitys of Maksat Akanov). *Keruen*, 87(2), 138–152. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-10> (In Kazakh)
15. Toyshan, A. (2024). *Customs and traditions of Turkic peoples*. Almaty: Union of Writers of Kazakhstan. (In Kazakh)